**Алматы облысы бойынша 2025 жылғы II тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін белгілеу туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 13 мамырдағы № 130 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 7-тармағына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы бойынша 2025 жылғы II тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкінде жариялау үшін " Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулының Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *М. Сұлтанғазиев*

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы "__" ____________ "Алматы облысы бойынша 2025 жылғы II тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін белгілеу туралы" № _____ қаулысына келісім парағы.

Енгізуші:

Облыстың кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Қ. Бахытұлы

Келісілді:

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Н. Әбдірахым

Облыс әкімінің орынбасары Р. Исатаев

Облыс әкімінің орынбасары Б. Күренбеков

Облыс әкімінің орынбасары Ә. Масабаев

Облыс әкімінің аппарат басшысы М. Мәдіғұлов

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы А. Ораз

Облыс әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы А. Абижанова

Облыс әкімі аппаратының құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы Г. Жорабаева

Бекітемін<br>"Алматы облысы әкімінің<br>аппараты" ММ-нің басшысы<br>___________ М. Мәдіғұлов<br>2025 жыл "___" __________

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы "__" ____________ "Алматы облысы бойынша 2025 жылғы II тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін белгілеу туралы" № _____ қаулысына тарату парағы.

1. Облыс әкімінің орынбасары Р. Исатаевқа – электрондық нұсқада;

2. Облыстың кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына – 1 дана;

3. Облыс әкімі аппаратының заң бөліміне – электрондық нұсқада;

4. Аудандар және Қонаев, Алатау қалаларының әкімдіктеріне – электрондық нұсқада.

Облыстың кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Қ. Бахытұлы

Облыс әкімі аппаратының құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас маманы А. Әбілмәжін

Жіберілді: 2025 ж. "___" ___________

Согласовано16.04.2025 17:15 Жорабаева Гульнара Серикбаевна 16.04.2025 17:26 Бахытұлы Қуаныш 16.04.2025 18:43 Исатаев Рустам Маратович 23.04.2025 08:20 Абижанова Алия Аллибековна 13.05.2025 16:04 Ораз Асылан Саматұлы 13.05.2025 16:12 Куренбеков Болат Кайратович 13.05.2025 16:13 Масабаев Әсет Дүйсебекұлы 13.05.2025 16:15 Мадигулов Мурат Бахиткеримович 13.05.2025 16:19 Абдрахим Нурлан ЕргалиулыПодписано13.05.2025 16:19 Султангазиев Марат Елеусизович

Алматы облысы әкімдігінің
2025 жылғы "____" __________
№ ____ қаулысына қосымша

# Алматы облысы бойынша 2025 жылғы II тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

| Р/с | Тауар атауы | Өлшем бірлігі | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасының шекті мәндері (теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | Тазартылған күріш ( домалақ дәнді, өлшеніп салынатын) | кг | 557 |
| 2 | Бірінші сұрыпты бидай ұны | кг | 298 |
| 3 | Қарақұмық жармасы (дән , өлшеніп салынатын) | кг | 281 |
| 4 | Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны ( пішінді) | кг | |
| 5 | Рожки (өлшеніп салынатын) | кг | 355 |
| 6 | Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі) | кг | 3379 |
| 7 | Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік) | кг | 1447 |
| 8 | Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада | литр | 528 |
| 9 | Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада | литр | 522 |
| 10 | Сүзбе: майлылығы 5-9% | кг | 2577 |
| 11 | Тауық жұмыртқасы (I санатты) | он дана | 669 |
| 12 | Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде | | 4930 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ) | кг | |
| 13 | Күнбағыс майы | литр | 952 |
| 14 | Ақ қауданды қырыққабат | кг | 237 |
| 15 | Басты пияз | кг | 160 |
| 16 | Асханалық сәбіз | кг | 198 |
| 17 | Картоп | кг | 300 |
| 18 | Ақ қант – құмшекер | кг | 480 |
| 19 | Ас тұзы ("Экстра"-дан басқа) | кг | 93 |

Согласовано16.04.2025 17:15 Жорабаева Гульнара Серикбаевна 16.04.2025 17:26 Бахытұлы Қуаныш 16.04.2025 18:43 Исатаев Рустам Маратович 23.04.2025 08:20 Абижанова Алия Аллибековна 13.05.2025 16:04 Ораз Асылан Саматұлы 13.05.2025 16:12 Куренбеков Болат Кайратович 13.05.2025 16:13 Масабаев Әсет Дүйсебекұлы 13.05.2025 16:15 Мадигулов Мурат Бахиткеримович 13.05.2025 16:19 Абдрахим Нурлан Ергалиулы

Подписано13.05.2025 16:19 Султангазиев Марат Елеусизович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК